

**«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті»  
КеАҚ 8D07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы  
докторанты Мухамедсадыкова Айгерим Жумагазиевнаның философия  
докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Дәрілік орман қайызғак  
(*Stachys sylvatica* L.) шөбінің фармакогностикалық зерттеулері және  
фармакопоялық сападағы экстракттар технологиясын жасау»  
тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына  
ғылыми кеңесшісі, фарм.ғ.к., асс. профессор  
Калданай Каржауовна Кожанованың**

### **ПІКІРІ**

Айгерим Жумагазиевнаның диссертациялық жұмысы негізінен орман қайызғакшөбінің (*Stachys sylvatica* L.) биологиялық белсенді заттардың перспективалық көзі ретінде фармакогностикалық зерттеуге және шикізаттан алынған экстрактты стандарттауға бағытталған. Докторант GACP тиісті тәжірибе негізінде орман қайызғакшөбін жинау және сақтау әдістемесін әзірледі. Отандық фитосубстанция әзірлеу оған комплексті түрде биологиялық скрининг жүргізу нәтижелері болашақта фармация саласында өз орнын алады. Жұмыстың өзектілігі күмән тудырмайды, өйткені Қазақстан Республикасының қазіргі денсаулық сақтауындағы маңызды бағыттардың бірі халықты отандық өндірістің қолжетімді, тиімді және қауіпсіз дәрілерімен қамтамасыз ету сонымен қатар жаңа дәрілерді іздеу және препараттар мен оларды тәжірибеге енгізу болып табылады.

Мухамедсадыкова А.Ж. 2020 жылдан 2023 жылға дейін КЕАҚ «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде» PhD-докторантурада 8D07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша оқыды. Оқу кезеңінде докторант жоғарыда аталған мамандық бойынша іргелі оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу дайындығын қамтитын білім беру бағдарламасын толық меңгерді. Білім беру бағдарламасын меңгеру барысында докторант базалық және бейіндік пәндер бойынша терең іргелі білімін көрсетті. Мухамедсадыкова А.Ж. аналитикалық ойлау қабілеті бар, ғылыми талдау әдістерін жеткілікті меңгерген, қазіргі заманғы ғылыми тәжірибелерді жүргізуге дайындығы жоғары, эксперименттік жұмыстардың нәтижелерін тамаша түсіндіреді, алынған мәліметтерді жүйелей және қорытынды жасай алады.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы орман қайызғакшөбінің өсімдік шикізатынан қою экстракт алу бойынша әзірленген нормативтік құжаттар жобасында көрсетілген.

Диссертациялық жұмыстың эксперименттік бөлімін Мухамедсадыкова А.Ж. КЕАҚ С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті», Люблин медициналық университеті, Люблин (Польша), әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, «ФитОлеум» ЖШС базасында, Алматы (Қазақстан Республикасы) жасады.

20.05.2022 бастап 25.06.2022 аралығында. Мухамедсадыкова А.Ж. Польша, Люблин медициналық университетінің фармацевтикалық микробиология кафедрасында «Дәрілік орман қайызғақ (*Stachys sylvatica* L.) шөбінің фармакогностикалық зерттеулері және фармакопоялық сападағы экстракттар технологиясын жасау» атты диссертация тақырыбы бойынша жоспарлы шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті.

06.07.2023 бастап 10.07.2023 аралығында Эразмус+ бағдарламасына қатысу шеңберінде КА107 бағдарламасы (2020-2023 жж.) екі университеттің ынтымақтастық шеңберінде Люблин медицина университеті мен ҚазҰМУ арасындағы «Обмен знаниями в области микробиологии при скрининге антибактериальной и противогрибковой активности натуральных продуктов с использованием эталонных методов» тақырыбы бойынша қызметкерлердің ұтқырлығы (оқыту) бойынша келісімдер негізінде және анықтамалық әдістерді қолдану үшін докторант Польшада зерттеуін жалғастырды.

Зерттеу нәтижелері бойынша - 10 ғылыми жұмыс басылды, оның ішінде: Scopus және Web of Science Core Collection дерекқорына кіретін халықаралық ғылыми журналда - 1 мақала, ҚР Ғылым және Жоғары Білім министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда - 3 мақала, Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы тезистер мен мақалалар – 5, пайдалы модельге патент – 1.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің ғылыми және оқу орындары арасында өткен «Үздік жас ғалым – 2021» IV халықаралық кітап басылымына (Нұр-Сұлтан 2021) қатысып, «Бөбек» жалпыұлттық қозғалысы қауымдастығының нысаны бойынша 2-дәрежелі дипломға иеленді.

5-6 маусым 2023 жылы өткен 1 Халықаралық форум «Asfen.forum. Жаңа ұрпақ – 2023» Фармация бөлімі бойынша 1 орынмен марапатталды.

Докторантурада оқып жүргенде Мухамедсадыкова А.Ж. педагогикалық шеберлігін арттырды, «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша бакалавриат студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етті.

Мухамедсадыкова Айгерим Жумагазиевна философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Дәрілік орман қайызғақ (*Stachys sylvatica* L.) шөбінің фармакогностикалық зерттеулері және фармакопоялық сападағы экстракттар технологиясын жасау» тақырыбындағы диссертациясы білікті, аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Ғылыми жетекші ретінде өз пікірімді қорытындылай келе, ізденуші әріптестер арасында құрметке ие екенін, барлық жүктелген міндеттерді адал және жауапкершілікпен орындағанын және аяқталған ғылыми-практикалық жұмыс болып табылатын диссертациялық жұмыстың мақсатына жеткенін және ғылыми-зерттеу жұмысына диссертация 8D07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне қойылатын талаптарға сәйкес келетінін атап өткім келеді.

Диссертациялық жұмыстың қойылған мақсаттары, міндеттері, өзектілігі, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы және нәтижелері 8D07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша

философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияға қойылатын талаптарға толық жауап береді, авторы Мухамедсадыкова Айгерим Жумагазиевна философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми кеңесші  
фарм.ғ.к., Фармация мектебінің  
инженерлік пәндер және тиісті практикалар  
кафедрасының меңгерушісі Кожанова К.К.

колы Кожанова К.К. куәландыратын  
« 3 » 05 2024 ж.

